



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаты  
С.М. Дүйсембиновке

2022 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 16-13-119Д/С хатқа

### Құрметті Сұлтан Мырзабекұлы!

Қалдықтарды басқару мәселелеріне қатысты жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

*Өнеркәсіптік қалдықтар мен тұтыну қалдықтарын басқару жөнінде кешенді шаралар қабылдауға, нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарлама әзірлеуге қатысты*

Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, оларды кәдеге жарату жөніндегі қызмет мемлекеттік қолдау шаралары көзделген экономиканың басым секторларына жатады.

«Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамада қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 2030 жылға қарай 40% – ға, 2050 жылға қарай 50% - ға дейін жеткізу, 2030 жылға қарай ел халқының 100%-ын қоқыс шығарумен қамтамасыз ету, қатты тұрмыстық қалдықтар (*бұдан әрі – ҚТҚ*) полигондарының 95% - ын экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес келтіру көзделген.

2021 жылы қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру көзделген халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құруға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал ететін «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы бекітілді, онда қалдықтарды реттеу іс-шаралары көзделген.

Бұл ретте 2021 жылғы 23 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің кезектен тыс отырысы өткізілді, онда сәйкес келмейтін ҚТҚ полигондарын қалпына келтіру немесе оларды экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келтіру секілді табиғи қоқыстарды жою және жол бермеу бойынша тәсілдер мақұлданды.

*Коммуналдық қалдықтар бойынша мемлекеттік есептілікке талдау жүргізу және оның сапасын арттыру шараларын әзірлеуге қатысты*

Бүгінгі күні Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) коммуналдық қалдықтар бойынша мемлекеттік есептілікке тұрақты негізде талдау жүргізеді. Осы талдау шеңберінде қалдықтардың мемлекеттік кадастрында қалдықтар бойынша есептілік ұсынбаған объектілердің операторлары, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын жосықсыз субъектілер анықталады.

Коммуналдық қалдықтар бойынша мемлекеттік есептіліктің сапасын арттыру мақсатында Министрлік кімге беріліп, кімнен алынғаны туралы қалдықтардың қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін тұлғалардың деректемелері бар (БСН/ЖСН, жеке және (немесе) заңды тұлғаның атауы, қалдықтарды иеліктен шығару (сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту немесе т. б.) қалдықтарды түгендеу бойынша есептіліктің жаңа нысанын әзірледі.

*Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеудің өңірлік жүйесін құру және одан әрі дамыту бойынша Алматы облысын пилоттық жоба ретінде белгілеу мәселесін қарастыруға қатысты*

Қалдықтарды басқарудың өңірлік жүйесін дамыту үшін 2018 жылы «Қалдықтарды басқарудың өңірлік жүйесі» жобасы шеңберінде пилоттық жоба ретінде Алматы облысы таңдалды. Оның шеңберінде облыс 14 аумақтық кешенге (бұдан әрі – кешен) бөлінген, оның 3-і ауданаралық және 11-і аудандық болып табылады. Әрбір кешенде аймақтық жүйенің объектілері анықталды: 16 полигон, 16 қоқыс сұрыптау кешені, 13 қоқыс тиеу станциясы, 3 қоқыс өңдеу зауыты (Алматы қаласының аймағында - 2, Талдықорған қаласында - 1).

Аталған іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет арқылы жүзеге асырылады. Ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру Бюджет кодексі нормаларының күшіне енуі ескеріле отырып күшейтілгенін атап өту қажет, оған сәйкес жергілікті атқарушы органдар экологиялық жобаларға жергілікті бюджетке экологиялық төлемдерден түскен қаражатты жібереді.

Өз кезегінде, бизнесті қолдау аясында 2016 жылдан бастап Қазақстанда осы саладағы шағын және орта бизнесті дамыту, қалдықтарды жинау, сұрыптау және өңдеу инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру, кейбір қалдықтарды полигондарда көмуге тыйым салуды іске асыру мақсатында қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату саласын дамыту үшін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері тетігі жұмыс істейді.

*«Алматы агломерациясының коммуналдық қалдықтарын басқарудың кешенді цифрлық SMART-жүйесі» жобасына қатысты*

Жобада коммуналдық және ірі габаритті қалдықтардың пайда болу көлемдерін автоматтандырылған коммерциялық есепке алуды бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен енгізу көзделеді. Ірі көлемді қалдықтарды жинау

жүйесін, оларды жинау және одан әрі қайта өңдеу үшін әкетуді ұйымдастыру үшін мамандандырылған алаңдарды орналастыруды қоса алғанда, ұйымдастыру көзделеді.

Бүгінгі таңда Алматы облысының әкімдігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп осы жобаны іске асыру мүмкіндігі туралы техникалық және қаржылық параметрлерді талқылауда.

**Ә. Смайылов**

*Еденбаев А. 74-52-15*